

## NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 5, Number 309 (2016), 25 – 32

**A.M. Karataeva**

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
karataeva\_80@mail.ru

**ESSENCE AND SOCIAL PURPOSE OF MODERN STATE**

**Abstract.** The paper deals with the of the content side essence of the state. Also in the work comprehensively investigated features of the modern state, the social purpose of the state in modern times. The paper also focuses on the function of modern states. The main conclusions and position of the author may be used to provide states policy in raising awareness and legal education of the Kazakhstan society.

**Keywords:** state, legal state, legal culture, legal education, public authority, activities of the State.

**А.М. Қаратаева**

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ.

**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ МӘНІ МЕН  
ӘЛЕУМЕТТІК ТАҒАЙЫНЫ**

**Аннотация.** Жұмыста қазіргі кездегі мемлекеттің мәні мен мазмұндық тұстары ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар, мемлекеттің әлеуметтік тағайыны және қазіргі мемлекеттің ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттелінеді. Сондай ақ мақаланың авторы мемлекеттің арықарай дамуына аса назар бөледі. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын қазақстандық ұлттық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне, қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеуге ісінде қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** мемлекет, құқықтық мемлекет, құқықтық мәдениет, құқықтық тәрбие, мемлекет, мемлекеттік орган, мемлекеттің қызметі.

Қоғамның кез келген түрінде оның саяси негізі болып билік мәселесі тұрады. Алғашқы қауымдық құрылысқа қоғамдық билік тән болды.

Қоғамдағы негізгі сұрақтар жасы үлкен мүшелердің жалпы отырыстары арқылы шешіліп, реттелді. Ерекше қасиеттер мен тәжірибеге ие болған халықтың даусымен сайланатын рубасылар осындай ақсақалдар кеңесінде күнделікті сұрақтарды шешіп отырды. Осы уақытта билікте, халықта біртұтастыққа ие бола бастады.

Алғашқы қауымдық құрылыстың экономикалық тірегін қоғамдық меншіктен негіз алатын өндірістік қатынастар қамтыды. Даму жағынан өндіргіш күштердің өте төмен көрсеткіштерінен жеке меншік дамымады және адам өзінің күнделікті тіршілігіне қажетті азық-түлікті пен киім-кешекті де ала алмады. Соның нәтижесінде адамдар біріге отырып, еңбек етуге кірісті.

Қоғамның әрбіреуінде өндірістік қатынастардың тұрақты түрде дамуына қарағанда, өндіргіш күштердің әрдайым дамып отырғандығын байқауға болады. Өндіргіш күштердің дамуына зор үлес қосқан факторлардың бірі болып табылатын еңбектің қоғамдық бөлінісіне тоқтап кеткен абзал. Өйткені, мемлекеттің пайда болуы үш қоғамдық еңбек бөлінісіне байланысты болды.

Алғашқыда егіншіліктен мал шаруашылығының бөлініп шығуы. Жануарлар қолға үйретілді, ал кейініректе оларды бағып-өсіру арқылы малшы тайпалар жабайылардың тобынан бөліне бастады. Қоғамдық еңбек бөлінісінің келесі бір түрі бұл егіншіліктен қол өнердің бөлініп

шығуымен ерекшеленді. Мұның нәтижесінде адамның жұмыс күшінің құндылығы артып, салмақтығы байқала бастады. Үшінші түрі саудагерлердің пайда болуымен байланысты болды. Өздері өндірумен айналыспайды, бірақ тұтынушыларды өздеріне тәуелді етіп қойған тап болды.

Бұл жағдайлар алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырауына әкеп соқты. Осының нәтижесінде мемлекет қалыптаса бастады.

Заң ғылымындағы ең бір өзекті мәселенің бірі болып мемлекеттік биліктің мәселелері, тұтастай мемлекеттің өзі табылады. Мемлекеттің мәніне қатысты түрлі көзқарастар, доктриналар, теориялар мен тұжырымдамалар бар екені белгілі. Олардың барлығына ортақ пікір: мемлекеттік дербестікке, егемендікке, тәуелсіздікке ие саяси институт, саяси ұйым болып табылады. Мемлекет қоғамның жетілуінің нәтижесі болып табылады.

Көне гректерде мемлекет ұғымы барлық азаматтардың ақыл-ойы және адамгершілік қажеттерін орнықтырып, қажетін өтейтін ұғым деп қабылданған.

Егер саяси пікірдің классиктерінің идеяларына жүгінер болсақ, онда саяси теорияның негізін қалаушы Аристотельдің көзқарастары үлкен қызығушылық тудырады. Аристотельдің пікірінше мемлекет – бұл адамдардың белгілі бір әдістермен өзара ықпалдасатын және араласатын көпшілігі болып табылады.

Аристотель мемлекетті өмірдің қажеттіктері үшін пайда болған ерекше түрдегі ұжымдық ретінде қабылдайды. Ол мемлекетке мынадай анықтама береді: « Күнделікті көретіміздей, қандай да болмасын, мемлекет – белгілі бір қарым-қатынас, белгілі бір игілік үшін ұйымдастырылатындықтан (қандай әрекет болмасын бір игілікті көздейді ғой), әрбір қарым-қатынастардың ең маңызды әрі басқа қарым-қатынастардың бәрін де қамтитыны, ұмтылады. Осы қарым-қатынас мемлекет немесе саяси қарым-қатынас деп аталады» [1, 312 б].

Цицеронның пікірі бойынша мемлекет дегеніміз адамдардың одағы, яғни ортақ құқық және ортақ пайда беретін, осы тұрғыдан біріккен одақ деп таниды.

Аристотель секілді Цицерон да мемлекетті анықтауды халықтың жетістігімен, игілігімен байланыстырады. Аристотель мен Цицеронның түсініктерінше мемлекет – көне игі жағдай. Тек сол ғана саяси қауымдастықтың мүшелеріне өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыруы мен дамытуын қамтамасыз етеді. Онсыз қауымдастық мүшелері ешбір жағдайда әрекет алмайды. Ол былай дейді: «Егер барлығына ақыл мен рух тұрғысынан қарасақ, барлық қоғамдық байланыстар ішінен біздің әрқайсысымыз үшін мемлекетпен байланысымыз ең бір маңызды, неғұрлым қымбат болып саналады. Бізге ата-анамыз, балаларымыз, туыстарымыз, достарымыз қымбат, алайда бір ғана отан барлық адамдардың бүкіл байланыстарын қамтиды. Цицерон адамзаттық тіршіліктің бірнеше сатыларын анықтайды, ең маңыздысы ретінде азаматтық қауымды есептейді. Оның «Міндеттер туралы» трактатында барлық азаматтарды бір тұтастыққа құрайтын азаматтық қауым мемлекет ретінде анықталады [2, 72 б].

Қазіргі мемлекет – бұрынғыға қарағанда біршама күрделі құбылыс болып табылады, бұрынғы жалпы адамзаттық құндылықтар (мысалы, бостандық, теңдік) мен ХХІ ғасырдың жаңа құндылықтарына (мысалы, әлеуметтік, әділдік) сәйкес келетін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекетті қалыптастыру жолында. Мысалы, Платон мен Аристотель мемлекеттің әрбір тағайыны болып «өнегелікті бекіту» [1, 389 б] табылады - деп есептейді. Кейініректе осы ойды қолдап, дамытқан Гегель болды. Мемлекеттің пайда болуының келісім-шарттық теориясын жақтаушылар, мемлекеттің тағайынын «жалпы бостандық» (Руссо); «жалпы қауіпсіздік» (Гоббс); «жалпы игіліктің болуы» (Гроций) - деп есептеді. Маркстік ілім мемлекетті қанаушы таптың қаналушы тапты езудің құралы деп түсіндірді [3, с 149].

Қазақстандық ғалым академик Ғ.С. Сапарғалиев заң ғылымы қоғамдық құбылыс ретінде мемлекетті бәрінен бұрын оның зайырлық сипаты тұрғысынан қарауы тиіс деп белгілейді. Ол ҚР мемлекетінің өз идеологиясының зайырлық сипатын қорғап қана қоймай, кез-келген нысандағы діни экстремизмге қарсы тұратынын да көрсетеді [ 4, 57 б].

Ғ.С. Сапарғалиевтің ойынша мемлекет белгілі бір идея, теориялар мен тұжырымдамалардың негізінде өз қызметін жүзеге асыруды ұйымдастырады. Мұны жоққа шығару мүмкін емес. Тиісті

автор мемлекеттік идеологияны қоғамдық ақиқатты байқататын, бағалайтын және оны белгілі бір әлеуметтік топтардың немесе бүкіл қоғамның мүддесінде қайта ұйымдастыру құралы қызметін атқаратын идеология түрінде анықтауды ұсынады [5, 244 б].

Мемлекеттік сипаттау кезінде тіптен әртүрлі көзқарастар білдіріледі. Бір-біріне қайшы келетін екі түрлі көзқарасқа тоқталайық: таптық немесе маркстік теорияға және үйлесімдік немесе қоғамдық игілік теориясына. Марксизм теориясына сәйкес мемлекет қоғамның антогонистік таптарға бөлінуінің жемісі, байлардың (қанаушы таптың) үстемдік етуінің құралы болып табылады. Екінші тұжырымдама мемлекеттің ортақ мақсаттарды – «ортақ игіліктерге» қол жеткізуді, мемлекет пен халықтың, ұлттың, әлеуметтік топтардың, адамның өзара қатынасын реттеуді, белгілеуді көздейтінін білдіреді. Қазіргі мемлекет көпқырлы болғандықтан оның түсінігін, рөлі мен әлеуметтік тағайынын талдау қажет. Белгілі ғалымдардың ой- пікірлеріне назар аударайық.

ҚР ҰҒА академигі М.Т. Баймаханов мемлекет және құқық теориясының кейбір әдістемелік мәселелерін қайта қарау қажеттігін ой елегінен өткізе отырып, былай дейді: «Мемлекет және құқықтың отандық теориясы ғылыми білімнің мазмұны мен құрылымын түбегейлі қайта қараудың, ары қарай даму бағытын таңдаудың алдында тұр. Бүгінде ол жаңа стратегия мен тактиканы белсенді түрде іздеу мен өңдеу, терең толғану кезеңінде тұр. Бұрынғы кейбір жеке постулаттар ғылыми шығармашылықты тежейтін жарамсыз көзқарастар ретінде мәнін жойса, келесі бірі оң тұстарын сақтай отырып толығымен немесе ішінара қайта ойластырылуда. Осының негізінде ғылым ретінде мемлекет және құқық теориясының мемлекеттік-құқықтық құрылыс тәжірибесіне жақын болатын, оған тиімді әсер ете алатын, толық шамада өзінің шығармашылық потенциалын аша алатын жаңа қырлары қалыптасады. Осындай мақсаттарға жету оның әдістемелік негіздерінің сенімді жағдайы тұсында ғана мүмкін болады» [6, 127 б].

Қазақстандық ғалым С.Н. Сәбікеновтың ойынша «мемлекет – қоғамдағы бірден-бір әмбебап ұйым, ол әкімшілік-аумақтық бөліністерге (дүниедегі аздаған ұсақ мемлекеттерде ғана мұндай бөліністер жоқ) сәйкес елдің барлық халқын қамтиды» [7, 22 б] деп көрсете отырып, «саяси төрешілдік қызметі жүзеге асыру – ұйым ретіндегі мемлекеттің ең маңызды қасиеті», «қоғамда әлеуметтік төреші болу – мемлекеттің ең маңызды міндеті» деп белгілейді [7, 236]. Ол өз ойын тұжырымдай келе, мемлекетке мынадай анықтама береді: «Қазіргі мемлекет – қоғамдағы әмбебап саяси ұйым, әлеуметтік кереғарлыққа сүйенген және «ортақ істерді» орындау қажеттігінен туған ұйым» [7, 28 б].

Қазақстандық ғалымдар С. Өзбекұлы мен Ө. Қопабаевтың ойларынша «мемлекет дегеніміз арнайы бір аумақтық кеңістіктегі таптық қоғамда билік жүргізетін, басқаруды іс-жүзіне асыратын, арнайы адамдардың құқықтық негізде ұйымдасқан саяси жүйесі» [8, 17 б].

Осы жерде француз ойшылы Жан Бодэннің еңбектері зор маңызға ие. Өзінің басты еңбегі “Мемлекеттер туралы алты кітабында” Жан Бодэн мемлекетті “егемен биліктің көмегімен көптеген отбасылар мен оларға тиесілерді” әділ басқару ретінде қарастырады. Жан Бодэн бірінші рет мемлекетті анықтауда “егемендік”, “егемен билік” ұғымдарын қолданды. Бұлар басты сөздер, олардың көмегімен Ж. Бодэн мемлекеттің мәнін түсіндірді. “Егемендік – мемлекеттің тұрақты және абсолютті билігі”, - деп есептейді ол. Алайда мәселенің мәні мынада: Ж. Бодэннің өзі мемлекетті саяси одақ, белгілі бір саяси қауымдастық ретінде емес, егемен билікті тікелей жүзеге асырушы ретінде ұғынды. Оның есептеуінше адамдардың барлық қауымдастығы тұтастай егемен билікті жүзеге асырушы бола алмайды. Алайда, “көптеген отбасылардың” барлығын басқаратын патша (немесе жоғары орган) болуы мүмкін (тиіс де). Осылайша ойшыл түйіндер отырған саяси одақтың (“халықтың”) егемендігі артқа ысырылады және патшаның егемендігімен ауыстырылады [9, с 156].

Осы позицияны келесі ойшыл – Т. Гоббс ұстанып, дамытты. Томас Гоббстың пікірінше мемлекеттің мақсаты – негізінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету. «(Табиғатында еркіндікті және басқаларға үстемдік етуді ұнататын) адамдар өздерінің қолдарына билік тізгінін ұстаған кезде (онымен біз байқағандай, мемлекетте өмір сүрсе) олардың түпкі себебі, мақсаты немесе ниеті өзін

өзі сақтау қамқорлығы және бұрынғыдан да орайлы өмір сүру болып табылады. Басқаша айтқанда, адамдар мемлекетті орнатқанда соғыстың ауыр мүшкілінен арылу үшін адамдарды үрейде ұстайтын және жазалаумен қорқытатын, оларды келісімдерді орындауға және жаратылыс заңдарын сақтауға мәжбүр ететін билігі жоқ табиғи құштарлықтың қажетті салдарын басшылыққа алады.» [10, 145 б]. «Егер топтасқан адамдар өз ортасында тыныштық орнату және өзгелерден сақтану мақсатында шарттасып, әрқайсысы бір-бірімен келісіп жатса, сол адамның немесе адамдар кеңесінің күллі іс-әрекеттері мен ой-пікірлеріне көпшіліктің оларды қолдаймыз немесе қарсымыз деп дауыс бергеніне қарамастан, олардың бәріне (солардың өкілдері ретінде) дауыс беруге құқық берілсе, онда біз мемлекет орнатылған деп айта аламыз».

Еуропалық ортағасырлық дәуірде бірқатар ойшылдар мемлекеттің мәнін ашуға тырысқан. Солардың біреуі Фома Аквинский болып табылады. Фома Аквинский Аристотельдің көзқарасын былай дамытты: «мемлекет ... табиғаты бойынша әрбір адамға бағыт береді». Бұл заңды да, себебі қажет болған жағдайда тұтас қандай да бір бөлікке түрткі болады. Фома үшін де мемлекет қол өнершілермен, жер өңдеушілермен, солдаттармен, саясаткерлермен және қауымдастықтың өзге де мүшелерімен құрылатын саяси қауымдастық. Тек олардың барлығы өз жиынтығында ғана осындай қауымдықты құрайды. Нақ осы белгі арқылы Фома мемлекетті белгіледі: «Қала-мемлекет жетілген қауымдық болып табылады» [11, 102 б].

Фома Аквинский үшін мемлекет – жаратушысы және билік етушісі құдай болып табылатын әмбебаптық, әлемдік тәртіптің ажырамас жағдайы. Мемлекетті қасиетті объект деп есептеу үшін бір ғана осы көзқарас жеткілікті. Шынайы мемлекеттердің керемет көптігі жағдайында қасиеттілік белгісін байқау мүмкін емес екендігі Фома Аквинскийге белгілі болды. Мұндай жағдай тиісті мемлекеттердің Құдаймен белгіленген және мақұлданған әмбебап, әлемдік тәртіпке қатыстылығына қатысты күмән тудырады. Мұндай күмәнді жою Фома енгізген мемлекеттік билікті құрайтын қосылғыштардың дифференциациясымен мүмкін болады. Олардың ішіндегі алғашқысы әрі ең бастысы – биліктің мәні, яғни әлеуметтік иерархияның жоғары буынын иеленетін тұлғалардың еркінің тұрғын халықтың төменгі топтарына үстемдік етуін байқататын үстемдік ету, бағыну қатынасы. Бұл қатынастар Құдайдың өзімен белгіленген. Демек, мемлекеттік биліктің мәні сөзсіз құдайдан. Мемлекеттік биліктің екінші құрама қосындысы – оның нысаны, яғни мемлекеттік биліктің пайда болуы, иелену әдістері. Үшінші қосынды – мемлекеттік билікті пайдалану [12, 187 б].

Мемлекеттің арықарай дамуына Жаңа заманның ірі саяси ойшылдары үлкен үлес қосты. Олар мемлекетті қоғамның өзіне тең көлемді саяси қауымдастық ретінде ұғынудың арықарай дамытты. Соның ішінде, Гуго Гроцийді атауға болады. Ол өзінің «Соғыс пен бейбітшілік құқығы туралы үш кітап» шығармасында мемлекетті «құқықтарды сақтау мен жалпы пайда үшін жасалынған еркін адамдардың жетілген одағы» мемлекетті «өзіндік заңдары, соттары мен лауазымды тұлғалары бар» қоғамдық тұтастық түрі ретінде қарастырған [13, 34 б].

Осы көзқарасты Джон Локкта өз еңбектерінде дамытты. Ол "Басқару туралы екі трактат" еңбегінде өзінің көзқарасын нақты баяндайды: «Мен мемлекет ұғымының астарынан, барлық уақытта демократияны немесе басқарудың қандай да басқа формасын емес, оны латындықтар «civitas» сөзімен атаған кез келген тәуелсіз қоғамдастықты (any independent community) түсінемін; біздің тілімізде осы сөзге «мемлекет» (commonwealth) сөзі өте жақсы сәйкес келеді, ол адамдардың осындай қоғамын көрсететін ұғымды нақта білдіреді, ал ағылшынның «қауым» (community) немесе «қала» (city) сөзі оны білдірмейді, өйткені мемлекетте қауымның бағынушылары бола алады, ал «қала» сөзі бізде «мемлекеттен» гөрі мүлдем басқа мағынанға ие» [14, 204 б].

Бұл көзқарастарды өз еңбектерінде И. Кантта дамытады. «Ғұмырлық әлемге» атты философиялық жобасында И. Кант келесідей ой білдіреді: «Мемлекет өзі орналасқан жер секілді мүлік болып табылмайды. Мемлекет – бұл өзін-өзі басқаратын әрі өзіне-өзі иелік ететін адамдардың қауымы» [31, с 290]. “Құқық туралы ілімдердің метофизикалық бастаулары” еңбегінде мемлекеттің ұқсас келбеті баяндалған: “мемлекет (civitas) – құқықтық заңдар талаптарына адамдардың бірігуі” деп көрсетеді. Мұнда И. Кант мемлекет деп өнегелік заңдарына

сүйенетін басқарудың жалпы бастауларымен бірлескен еркін адамдардың ерікті одағын анықтайды. И. Кант мемлекетті адамдардың берекесі мен рақатын және қорғалуын қамтамасыз ету үшін бірігулері, одағы ретінде түсінеді. И.Канттың көзқарасына сәйкес “мемлекет – бұл құқықтық заңдарға бағынатын көптеген адамдардың бірлестігі” [15, 223 б].

Неміс ойшылы Ф. Гегель мемлекетті жай ғана игілік, құндылық ретінде емес, одан да жоғары болатын құбылыс ретінде қарастырады. Гегель үшін – мемлекет “Құдайдың әлемде салтанат құруы”, “жердегі құдайдың берген тіршілігі”, “жалпыға бірдей және объективтік еркіндік”, “нақты еркіндіктің болмысы (шынайылығы)” және т.с.с. [16, 284 б]. Гегельдің “Құқық философиясы” атты еңбегінде мемлекетке – бұл жария-өктем қатынастармен және институттармен жасалатын белгілі бір ұжымдық, ассоциация деп анықтама беріледі. Гегельдің пікірінше мемлекет “өнегелік идеялардың болмысы”. Гегель бір жағынан жеке адамның, азаматтың, келесі жағынан – мемлекеттің еркіндігінің біртұтастығын ұсынады. Осылайша олардың еркіндіктері бір-біріне қайшы болмайды, керісінше органикалық біртұтас еркіндікті - өзіне жеке индивидтердің еркіндігі мен халықтық өмірдің саласын біріктіретін мемлекеттік-ұйымдасқан халықтың (ұлттың) еркіндігін құрайды [16, 333 б].

Француз ойшылы Ш. Монтескьенің «Заңдардың рухы» еңбегіне назар аударалық. Онда Ш. Монтескье былай деп пікір білдіреді: «Егер де мен адамдардың өз міндеттерін, өз әміршісін, өз Отанын және өз заңдарын сүюіне жаңа негіздер табатындай ете алсам, олар кез келген елде, кез келген билік тұсында, кез-келген мансапта өздерін ілгеріден гөрі бақыттырақ сезінетіндей ете алсам, онда мен өзімді пенделер ішіндегі ең армансыз жанмын деп есептер едім.» [17, 13 б].

Жоғарыда келтірілген көзқарастарға қысқаша талдау жасау келесідей пікірді қалыптастырады: саяси ой-пікірлердің классиктері мемлекет деп саяси қауымдастықты емес, мүдделерінің ортақтығымен, еркін түрде ерік білдірулерімен біріккен “адамдар одағын” ұғынады. Сондықтан олар үшін мемлекет осы саяси қауымдастықтан тыс болатын қандай да бір институттардың, адамдар тобының кешені болған жоқ.

Мемлекет туралы көзқарастардың ішінде ең жақыны, әрі шынайы түсінік беретін марксистік түсініктер ерекше назар бөлуді қажет етеді. Сонымен, Фридрих Энгельс өз еңбектерінде былай деп жазады: «Мемлекет дегеніміз еш уақытта қоғамға сырттан тағылған күш емес. Мемлекет дегеніміз белгілі даму сатысындағы қоғам жемісі; мемлекет-сол қоғамның шешілмейтін өз қайшылықтарына белшесінен батқандығын, ымыраласпайтын қарама-қарсылықтарға бөлінгенін, қоғамның сол қарама-қарсылықтардан құтылуға дәрмені келмейтіндігін мойындағандық. Ал осы қарама-қарсылықтар, экономикалық мүдделері бір-біріне қайшы таптар жеміссіз күресте бірін-бірі және қоғамды жалмап қоймауы үшін, мұның үшін, шамасы, қоғамнан жоғары тұратын күш, шекісуді тежей алатындай, оны «тәртіптің » шегінен шығармай ұстап отыра алатындай күш қажет болған. Міне осы күш, қоғамның өзінен шыққан, бірақ өзін одан жоғары қоюшы, өзін одан алыстатып, арған сайын жат етіп бара жатқан күш – мемлекет.» [18, 327 б].

Маркстің көзқарасы бойынша «мемлекет дегеніміз күресте, революцияда, өзінің дұшпандарын күшпен басып-жаншу үшін пайдаланылатын өткінші мекеме болғандықтан, ерікті халық мемлекеті туралы сөз қылуда түк мағына жоқ: пролетариат әзірше мемлекетке мұқтаж болып отыр, ол оған бостандық үшін емес, өзінің дұшпандарын басып-жаншу үшін мұқтаж болып отыр, ал бостандық туралы сөз қозғауға мүмкіндік болған күнде, онда мемлекет дегеніміз өмір сүруден қалады. Сондықтан біз «мемлекет» деген сөздің орнына барлық жерде қауым деген сөзді қоюды ұсынар едік» [19, 33 б].

В.И. Ленин өзінің “Мемлекет және революция” атты белгілі еңбегінде мынадай көзқарас білдіреді: «Мемлекет дегеніміз таптық қайшылықтардың ымыраласпайтындығының жемісі мен көрінісі. Таптық қайшылықтар қай жерде, қай кезде, соншалық пайда болады. Және керісінше: мемлекеттің болуы таптық қайшылықтардың ымыраласпайтындығын дәлеледейді» [20, 8 б].

Қазақстандық ғалымдар Ғ.С. Сапарғалиев пен А.С. Ибраеваның пікірінше: «Мемлекет – басқару функциясын орындайтын және соның көмегімен қоғамның тіршілік-тынысын қамтамасыз ететі, оған қажетті жағдайлар мен алғышарттар жасауға ұмтылатын адамзат қоғамын

ұйымдастырудың айрықша нысаны деп көрсетеді. Өзіне тән ерекше белгілері мен қажетіне, сондай-ақ өзіндегі аса мол мүмкіндіктеріне қарай мемлекет экономиканы дамытудың, әлеуметтік-саяси, рухани, ұлтаралық және жеке адамдардың арасындағы қатынастардың маңызды мәселелерін шешуге нақты қатысып, қоғамдағы істердің жағдайына белсенді түрде әсер ете алады. Мемлекет тек өзіне ғана тән функциялары, әсер ету нысандары мен әдістері бар айрықша құрылым ретінде сипатталады. Соның арқасында оны қоғамда, ұйымда, құрылымдар мен институттарда әрекет ететін басқалардан ерекше өзгешелігімен көзге түсетін күрделі саяси организм ретінде ұғынамыз. Мемлекет дегеніміз - адамзат қоғамы дамуының нәтижесінде пайда болған саяси ұйым. Мемлекет – қоғамды басқару міндетін атқаратын, адамдардың, топтардың, таптардың қарым-қатынастарын реттеп отыратын, заңдарды қабылдайтын саяси ұйым. Мемлекет – қоғамның саясатын жүзеге асыратын саяси ұйым. Мемлекет туралы ұғымның толық болуы үшін оның белгілеріне егжей-тегжейлі тоқталып, олардың мазмұны мен мәнін тереңірек ашу қажет» [21, 33-34 бб].

Сонымен, объективтік себептердің нәтижесінде мемлекет - қоғам мүшелерінің жеке және жалпы мүдделерін білдіру мен қорғауға бағытталған, қоғамның ұйымдастырушы күшіне айналады. Мемлекеттің пайда болуының объективтік факторы болған жеке меншік – оның даму процесінде де әрқашанда онымен бірге ілесіп жүреді. Қоғам өмірінің жетілуі барысында меншік нысанында әр түрлене бастайды. Аз қауымның меншігі ептеп көп қауымның меншігіне ауыстырылады. Меншікке қатысты революциялық және эволюциялық құрылымдардың нәтижесінде мемлекеттің де әлеуметтік- экономикалық мәніде, мақсаты да міндеттері де өзгереді. Мемлекеттік, ұжымдық, акционерлік, кооперативтік, фермерлік және басқа да меншік нысандарының қалыптасуы мен қатар жеке меншіктің де жаңа белгілері пайда бола бастады, яғни индивидтің меншігі.

Қазіргі мемлекетте жеке меншік мемлекеттің қорғауында болатын қоғамдық институт болып табылады. Мемлекет индивидтің меншігін қолдап, қорғай отырып, оның материалдық және рухани игілігін қамтамасыз етеді. Социалистік елдерде меншіктің жалғыз нысаны болған мемлекеттік меншік, уақыт сынағын көтере алмады.

Мемлекеттің тарихи құбылыс ретінде екі түрлі табиғаты бар. Ол экономикалық үстем тап билігінің саяси ұйымы бола отырып, қоғам тіршілігінен шығатын жалпы істердің де ұйымдастырушысы болып табылады. Бұл объективтік қорытынды талқылауға жатпайды. Аталғандардың қайсысы мемлекет үшін маңызды. Мемлекеттің мәні туралы маркстік ілім, мемлекеттің барлық дамуында, таптық бастаулардың үстемділігінің басымдығын атайды.

XX-ғасырдың ортасында қоғамның барлық мүшелеріне ортақ әлеуметтік игіліктерді заңдастыру мемлекеттің басты мақсат етіп қоятын бірнеше теориялар пайда болды (плюралистік демократия, құқықтық мемлекет және т.б.).

Қоғам дамуының деңгейіне тән объективтік жағдайлардың өзгерсе, мемлекеттің әлеуметтік тағайыны да өзгереді.

Кейбір тарихи кезеңдерде мемлекеттің қызметінің дамуына субъективтік факторлар әсер етеді. Олар ең біріншіден теорияның ақиқаттығы, оның әмбебаптылығы, тарихи жетістігін көруге қабілеттілігінің болуы, қоғам өмірінің өзгеру мүмкіншілігін көру және мемлекеттік құрылыс тәжірибесінде оны жүзеге асыра білу болып табылады.

Қоғам өмірінде демократизм, теңдіктің пайда болуы және әлеуметтік әділеттілік, жеке тұлғаның бостандығы ұғымдары тереңдетілді.

Мемлекет қоғам жүйесінің негізгі басқарушысы ретінде әлеуметтік қайшылықтардың алдын алушы орган болып қалыптаса отырып, халықтың әр түрлі топтарының мүдделерін есепке алады, әр түрлі қоғамның топтарымен қолдауға ие болатын шешімдерді өмірге әкеледі. Мемлекеттің бірінші жоспарына биліктің бөлінуі, заңның үстемділігі, жариялылық, плюрализм, соттың жоғары рөлі сияқты демократиялық институттар алға шыға бастады.

Мемлекеттің халықаралық аренада да ролі едәуір өзгере бастады. Оның басқа мемлекеттермен де келісім-шартқа келу сияқты сыртқы қызметіде өзгерді.

Аталғанның бәрі қазіргі өркениетті мемлекетті мазмұны жағынан әлеуметтік келісу құралы ретінде және нысаны жағынан құқықтық мемлекет ретінде сипаттауға негіз береді.

Мемлекет мәнін таптық тұрғыдан түсіну аз, сондықтан мемлекетті барлық қоғамды басқаратын саяси ұйым деп қараған жөн. Қазіргі мемлекеттің мәні мен әлеуметтік тағайыны – мемлекет ретінде ұйымдасқан қоғамның бейбіт тіршілік етуін, құқықтық біртұтастығын, тұрақтылығын және оның арықарай дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Біздің ойымызша мемлекетке мынадай анықтама беруге болады. Мемлекет дегеніміз – мемлекеттік функциялардың құқықтық нысандарда және белгілі бір деңгейде ресми ұйымдасқан, реттелген және бекітілген жүйесі әрі іске асу механизмі деген анықтама жасауға мүмкіндік береді. Бұл анықтаманы мемлекет туралы басқа да анықтамалардың жалғасы, әрі соларды толықтыруға бағытталған қосымша нұсқасы ретінде қарастырған дұрыс. Мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және саяси жағынан дамуы, оның қоғамдағы рөлін жоғарлатты. Бүгінгі мемлекет өз халқының әлеуметтік қамсыздандырылуына ықпал ететін, адамдардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз ететін, заңның үстемділігін танытын, мемлекет пен тұлғаның өзара жауаптылығын көрсететін саяси ұйымға айналып отыр. Қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға бағытталған қазіргі мемлекеттің мәні бүкіл қоғамның пікірін ескеруді, әлеуметтік қайшылықтардың болмауын, азаматтық қоғамның қалыптасуын мақсат етіп отыр. Мемлекет дами келе қоғам мен жеке тұлғаның мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандырушы билікке айналды. Соның нәтижесінде мемлекет қоғамға қызмет етуші ұйым ретінде дамыды. Қоғам өміріндегі жеке тұлғаның бостандығы, теңдігі, демократизмнің және әлеуметтік әділеттіліктің пайда болуы мен дамуы тереңдетілді. Бұл оның бүкіл қоғамның мүддесін қамтамасыз ететін жалпы әлеуметтік мәнін көрсетеді.

Әлемдегі барлық дамыған мемлекеттердің жалпы әлеуметтік мәні бүкіл қоғамның мүдделерін көздей отырып, барлық істі қоғамның пайдасына шешуді мақсат етіп отыр. Мемлекеттің ерекше жария билігі қазіргі өркениетті мемлекетті әлеуметтік келісім құралы етіп бекітті. Қазіргі мемлекет ең алдымен құқықтық мемлекет болуды көздей отырып, азаматтық қоғамды қалыптастыруды мақсат етеді.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Аристотель философиясы // Әлемдік философиялық мұра: Жиырма томдық. 3-том. - Алматы: Жазушы, 2005. – 568 б.
- [2] Цицерон. О старости. О дружбе. Об обязанностях. – М., 1975. – 172 с.
- [3] Мукашев З.А. Понятие «право» в теории К. Маркса. - Алматы: Аркаим, 2002. – 220 с.
- [4] Сапарғалиев Г. Проблемы идеологии унитарного государства Казахстан // Научные труды «Әділет». – 2000. – №1. – С.45-59.
- [5] Сапарғалиев Ф.С. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: оқулық. - Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 541 б.
- [6] Баймаханов М.Т. Избранные труды по теории государства и права. – Алматы, 2003. – 567 с.
- [7] Сәбікенов С.Н. Салыстырмалы мемлекеттік құқық: оқулық. - Алматы: Өркениет, 2000. – 408 б.
- [8] Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 264 б.
- [9] Сатерпинов А.М., Мұхамедов С.К., Сырымбетұлы Д. Саяси және құқықтық ілімдер тарихы: оқулық - Алматы: Заң әдебиеті, 2003. – 230 б.
- [10] Жаңа дәуір философиясы // Әлемдік философиялық мұра: Жиырма томдық. 6-том. - Алматы: Жазушы, 2006. – 512 б.
- [11] Фома Аквинский. О правлении владетелей // Политические структуры эпохи феодализма в Западной Европе (VI—XVII вв.). – Л., 1990. – 235 с.
- [12] Чичерин Б. История политических течений. Ч. 1. – М., 1869. – 337 с.
- [13] Гроций Г. О праве войны и мира. – М., 1956. – 74 с.
- [14] Локк Дж. Басқару туралы екі трактат / Ауд. М.Ө. Иманбаев. – Алматы: Раритет, 2004. – 280 б.
- [15] Кант И. Мәңгілік тыныштыққа // Әлемдік саясаттану антологиясы. 10 томдық. «Мәдени мұра» бағдарламасы. Алматы: Қазақстан, 2005. – 472 б.
- [16] Кант және Гегель философиясы // Әлемдік философиялық мұра: Жиырма томдық. 8-том. - Алматы: Жазушы, 2006. – 520 б.
- [17] Гегель. Философия права. – М., 1990. – 586 с.
- [18] Монтескье Ш. Заңдар рухы туралы. / Ауд. А. Құлсариева. – Алматы: Үш Қиян, 2004. – 784 б.
- [19] Маркс К., Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалар. Екі томдық. 2 – том. – Алматы, Қазақ мемлекет. - 1956. – 550 б.
- [20] Ленин В.И. Мемлекет және революция. Шығармалар толық жинағы: Т. 33. – Алматы: Қазақстан, 1979. – 469 б.
- [21] Сапарғалиев Г., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. - Астана: Фолиант, 2007. - 336 б.

## REFERENCES

- [1] Aristotel' filosofijasy // Әлемдік философиялық мұра: Zhiyrma tomдық. 3-tom. - Almaty: Zhazushy, 2005. – 568 b.
- [2] Ciceron. O starosti. O družhbe. Ob objazannostjah. – M., 1975. – 172 s.
- [3] Mukashev Z.A. Ponjatie «pravo» v teorii K. Marksa. - Almaty: Arkaim, 2002. – 220 s.
- [4] Sapargaliev G. Problemy ideologii unitarnogo gosudarstva Kazahstan // Nauchnye trudy «Әділет». – 2000. – №1. – S.45-59.
- [5] Sapargaliev F.S. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: оқулық. - Almaty: Zheti zharry, 1997. – 541 b.
- [6] Bajmahanov M.T. Izbrannye trudy po teorii gosudarstva i prava. – Almaty, 2003. – 567 s.
- [7] Səbikenov S.N. Salystymaly memlekettik құқық: оқулық. - Almaty: Ыркеніет, 2000. – 408 b.
- [8] Өзбекұлы S., Қорбаев Ө. Memleket zhəne құқық теориясы: оқулық. – Almaty: Zheti zharry, 2006. – 264 b.
- [9] Satershinov A.M., Mұhamedov S.K., Сығымбетұлы D. Sajasi zhəne құқықтық ilimder tarihy: оқулық - Almaty: Заң әdebieti, 2003. – 230 b.
- [10] Zhaңa дәuir filosofijasy // Әлемдік философиялық мұра: Zhiyrma tomдық. 6-tom. - Almaty: Zhazushy, 2006. – 512 b.
- [11] Foma Akvinskij. O pravlenii vlastitelej // Politicheskie struktury jepohi feodalizma v Zapadnoj Evrope (VI—XVII vv.). – L., 1990. – 235 s.
- [12] Chicherin B. Istorija politicheskikh techenij. Ch. 1. – M., 1869. – 337 s.
- [13] Grocij G. O prave vojny i mira. – M., 1956. – 74 s.
- [14] Lokk Dzh. Baskaru turaly eki traktat / Aud. M.Ө. Imanbaev. – Almaty: Raritet, 2004. – 280 b.
- [15] Kant I. Məңgilik tynyshtyққа // Әлемдік sajasattanu antologijasy. 10 tomдық. «Mədeni mұra» bardarlamasy. Almaty: Қазақстан, 2005. – 472 b.
- [16] Kant zhəne Gegel' filosofijasy // Әлемдік философиялық мұра: Zhiyrma tomдық. 8-tom. - Almaty: Zhazushy, 2006. – 520 b.
- [17] Gegel'. Filosofija prava. – M., 1990. – 586 s.
- [18] Montes'k'e Sh. Zaңdar ruhy turaly. / Aud. A. Құlsarieva. – Almaty: Ysh Қijan, 2004. – 784 b.
- [19] Marks K., Jengel's F. Таңдамалы шығармалар. Eki tomдық. 2 – tom. – Almaty, Қазақ мемлекет. - 1956. – 550 b.
- [20] Lenin V.I. Memleket zhəne revoljucija. Shығармалар tolyқ zhinary: T. 33. – Almaty: Қазақстан, 1979. – 469 b.
- [21] Sapargaliev F., Ibraeva A.S. Memleket zhəne құқық теориясы: Оқулық.- Astana: Foliant, 2007. - 336 b.

### А.М. Каратаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы

## СУЩНОСТЬ И СОЦИАЛЬНОЕ НАЗНАЧЕНИЕ СОВРЕМЕННОГО ГОСУДАРСТВА

**Аннотация.** В работе рассматриваются содержательные стороны сущности государства. Также в работе всесторонне исследуются особенности современного государства, социальное назначение государства в современности. В работе также особое внимание уделяется на функции современных государств. Основные выводы и положения автора могут быть использованы в обеспечении политики государства, в повышении правосознания и правового воспитания казахстанского общества.

**Ключевые слова:** государство, правовое государство, правовая культура, правовое воспитание, государство, государственный орган, деятельность государства.

### Сведения об авторе:

Каратаева А.М. – к.ю.н., доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права, юридический факультет Республика Казахстан, г. Алматы, karataeva\_80@mail.ru